



СТИЛИСТИКА & ОРФОЭПИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ және ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ атындағы ТІЛ БІЛІМІ
ИНСТИТУТЫ

СТИЛИСТИКА & ОРФОЭПИЯ

(анықтамалық)

Алматы, 2025

ӘОЖ 80/81

КБЖ 81.2

С80

**ҚР ҒЖБМ ҒК Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
Ғалымдар кеңесінің шешімімен баспаға
ұсынылды.**

*ЖТН BR21882227 «Жаңа Қазақстан контекстіндегі тілдік
сананы жаңғыртудың лингвистикалық құралдары мен
әзірлемелері» (2023–2025) атты бағдарламалық-нысаналы қаржылан-
дыру жобасы аясында әзірленді.*

Жоба жетекшісі – филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор **Анар Фазылжан**

Анықтамалықты жасағандар: **Құралай Күдеринова,
Жанар Жұмабаева, Қымбат Слямбеков, Самал Тұрсатаева**

Жауапты редакторы:
филология ғылымдарының докторы, профессор Құралай Күдеринова

**Жауапты шығарушылар:
Жанар Жұмабаева, Самал Тұрсатаева**

Пікір бергендер:

филология ғылымдарының докторы, профессор Айман Жаңабекова
филология ғылымдарының кандидаты Нұрсәуле Рсалиева
филология ғылымдарының кандидаты Гүлфар Мамырбек

*Анықтамалық қазақ тілінде қатесіз сөйлеп, қатесіз жаза аламын деген
бүгінгі қауымның сөз қолданысында жиі кездесетін грамматикалық, ор-
фоэпиялық және стилистикалық ауытқушылықтардың дұрыс нұсқа-
сын көрсетеді.*

Сөзін жөндегісі келген жалпақ жұртшылыққа арналған.

ISBN 978-601-311-406-4

Қадірлі қауым!

Сіз қазақ тілінде сөйлеймін деп жүрсіз бе? Қазақ тілінде қатесіз жазамын деп ойлайсыз ба? Ешкім сіздің қатеңізді жөндеп көрген жоқ па?

Онда бері қараңыз!

Біз тілдік өзгерістер ағынында өмір сүріп отырмыз. Қателерді көрмейміз, байқамаймыз да. «Көп рақмет» пе, «үлкен рақмет» пе, «туған күн» бе, «туылған күн» бе, «кеш жарық» па, «қайырлы кеш» пелерден бастап, елемейтін, мән бермейтін қате қолданыстар бүгінде дұрысқа айналды.

Нағыз қазақ тілінде сөйлеп, жазғыңыз келсе бұл кітапша Сізге арналған!

***Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты***



Стилистика

Ойды дәл, нақты беруде мән беретін тустар

1-бөлім





Мекендейді сөзі адамзатқа (ел, халық, жұртқа) қатысты қолданылмайды. Өмір сүреді, тұрады, қоныс тебеді сөздері аң, хайуанаттарға қатысты қолданылмайды.

✗ Арыстан Африка мен оңтүстік Азияда **тұрады**

✗ Арыстан Африка мен оңтүстік Азияда **өмір сүреді**

✗ Арыстан Африка мен оңтүстік Азияда **тіршілік етеді**

✗ Ұзақ **өмір сүретін** жануарларға не жатады?

✗ Бұл ауылда өзге этнос өкілдері **мекендейді**

✓ Ер адамдарға қарағанда әйелдер ұзақ **өмір сүреді**.

✓ Киіктер Батпақдала, Үстірт және Еділ-Жайық аралығында **мекендейді**

✓ Біздің ел өзеннің арғы бетінде **қоныс тепкен**

✓ Ауылымызда 2000-нан астам адам **тұрады**

бару

жолға шығу

жол жүру

аттану

жиналу


қозғалу

шығу

жүріп кету

сапарлап кету

сапарлау



Жақын жерге қатысты
айтқанда **«жолға шыға-
мын», «жол жүремін»,
«жолға жиналамын»**
демейді.

× Ал, **аттанайық!**



Алыс сапарға немесе
жеңіл көлікпен бара-
тын кезде:

Ертең **жолға шыққалы**

☒ **отырмын («жол жүремін»,
«сапарға барамын»)** дейді

☒ Ал, жүрейік!

☒ Ал, қозғалайық!


☒ Ал, жиналайық!

☒ Ал, шығайық!

Жолға жиналады

≠

жолға дайындалмайды



Аттану – көркем әдебиет стилінде жиі қолданылады, күнделікті сөйлеу тілінде жасанды немесе күлкілі естіледі:




– Арғыкүні Астанаға
аттанасың ба?



– Арғыкүні Астанаға
жүремін

Басқа
балалар:



- Жүргелі отырмын
- Жолға шығайын деп жатырмын

Қарсылықты білдіретін бірнеше тәсіл бар:

Ал

Бірақ

Алайда

Дегенмен

Дей тұрса да

Десек те

Солай дегеннің өзінде



Мен

Және

Сонымен

Бірге

Сондай-ақ

Бұл сөздер өте жақын қарым-қатынасты білдіретін шылаудан өзара қатысы аздау қатынасқа қарай кему ретімен орналасады:

- Қазақ тілі мен әдебиеті
- Қазақ тілі мен әдебиеті және тарих
- Қазақ тілі мен әдебиеті және тарих, сонымен бірге мәдениет
- Қазақ тілі мен әдебиеті және тарих, сонымен бірге мәдениет, сондай-ақ дін



Стильдік синонимдер:

ниет – жағымды

пиғыл – жағымсыз


ой – бейтарап



- Ниеті жақсы
- Ойы жақсы
- Пиғылы жаман,
Пиғылы теріс
(дұрыс қолданыс).



- **Пиғылы жақсы** (қате қолданыс)



*Қасиет – адам не заттың бойындағы жақсы сапа.
Қабілет – адамның жақсы әрекет машығының
болуы.*



– Оның сурет салатын
қасиеті бар



– Оның сурет салатын
қабілеті бар



Семантикалық синонимдер:

бару-келу

Мен саған барайын ба?
Сен маған келесің бе?

өшіру-сөндіру

Тақтаны өшіру
Компьютергі сөндіру

жуу-тазалау

Егенді жуу
Аяқкіім тазалау

түр-түс

Түрі жақсы
Түсі әдемі



Тұрақты тіркестерді қате қолдану



шайды тарту, шайға қану

үйдің төрі

қажетіне жарату

үн қату

шөлі басылу

үй қонақтан босамайтын



шайды сіміру

шаңырақтың төрі

себенке пайдалану

дауыс қату

шай басылу

үй қонақтан бімпейтін



Байланысты



Орай



Сай



Қатысты



Тән



ДАЯР



ДАЙЫН



Суды ыдысқа салу



Суды ыдысқа құю



Астам



Жуық



Тарта



Аса



Таман

9 жылдан астам – 10 жылға жуық

Бастау



Кету

Жоғалу



*Жатырғанда (жатқанда), қайттан
(қайтадан), түсінби, ештеңке*



*Бұл қолданыстар ауызекі сөйлеу тіліне тән, әдеби
тілде, шығармашылық жұмыс мәтіндерінде жазуға
болмайды.*

«ханымдар мен мырзалар» - таныс емес, ресми ортадағы этикет оралым;

«қадірлі әріптестер» - таныс ортадағы, қызметтестер, ортақ кәсіби саладағы қаратпа атауыш;

«қымбатты достар» - жақын-жуық, өте таныс ортадағы қарым қатынаста қолданылады.





– Бізбен **қоса** жүріңіз



– Бізбен **бірге** жүріңіз

18



– Сені **бірге** алып кетеді



– Сені **қоса** алып кетеді



- Одан бетер жақсарды
- Неғұрлым әлсіз болсаң, қаншалықты әлсіз болсаң, соншалықты сенімсіз боласың!
- Орасан еңбек



- Содан бетер төмендеді // одан ары жақсарды:
- Неғұрлым мықты болсаң – соғұрлым еркін боласың!
- Орасан көп, орасан зор



Әйелде қайын жұрт **болмайды**. Жігітте ғана қайын жұрт болады. Әйелде өз жұрты және төркін жұрты болады. *Әйелінің қайын жұрты келіп жатыр* деген қате қолданыс! *Әйелінің төркіні келіп жатыр*



– **Күйеуінің інісі** деуге болмайды

– **Әйелінің сіңлісі** деуге болмайды

– **Күйеуімнің әкесі** емес

Күйеуімнің қарындасы емес



– **Қайнысы** болады

– **Балдызы** болады

– **Атам** болады

– **Қайын сіңлім** болады

Амал мен тәсіл

Амал — бір әрекетті орындау үшін қолданылатын нақты іс-әрекет.

Тәсіл — белгілі бір нәтижеге жетудің жалпы әдісі немесе жолы.

- ♦ «Мәселені шешудің түрлі амалдары бар.» — нақты іс-қимылдарға қатысты.

- ♦ «Оқыту тәсілдерін өзгерту қажет.» — жалпы әдістемеге қатысты.



Амал мен тәсіл

– Бағалады // санады // жатқызды — мағынасына қарай ажыратып қолдану қажет.

– Елге деген // елімізге деген — екі нұсқа да қолданылады, сөйлемге қарай таңдалады.



– Менде бәрі дұрыс

– Сәттілік



– Бәрі дұрыс!

– Сәтін салсын!





Орфоэпия

Ойды дәл, нақты беруде мән беретін тустар

2-бөлім



Қатаң К, Қ дыбыстарының ұяңдануы

Қатаң К, Қ дауыссыздары сөз ішінде, сөз аралығында дауыстылармен, үнді және кейбір ұяң дыбыстармен қатар келгенде **ұяңданып Г, ғ** болып айтылады.

ЖАЗЫЛУЫ

АЙТЫЛУЫ

көкжиек

кө**Г**жійек

қонақжай

қона**Ғ**жәй

ертеңгі күні

^йертеңгі^Ггүні

ел қамы

йел^Ғғамы

жарық дүние

жары**ғ**Дүн^үйө

Н + Қ/К үйлесімі

Сөз ішінде немесе сөз аралығында **Н** дыбысы **Қ, К** дыбыстарымен қатар келсе, **Н → Ң**, ал **Қ/К → Ғ/Г** болып айтылады.

ЖАЗЫЛУЫ

Жанқияр

Күнкөріс

Содан кейін

АЙТЫЛУЫ

жа**ҢҒ**ыйар

кү**Ң**Гөрүс

сода**Ң**Гейін

- ✓ Бірінші сөз **н** дыбысына аяқталып, келесі сөз **қ, к, ғ, г** дыбыстарынан басталған жағдайда, **н** дыбысы өзгере бермейді.
- ✓ Өзгеріс тек бір ырғақты топқа енетін сөздер арасында ғана жүзеге асады.

2.2 Н + Ғ/Г үйлесімі

Сөз ішінде **Н** дыбысы **Ғ, Г** дыбыстарымен қатар келсе, **Н → Ң** болып айтылады.

ЖАЗЫЛУЫ

АЙТЫЛУЫ

бұрынғы заман → бұрұ**ҢҒ**ұ[~] заман

қашанғы → қаша**ҢҒ**ы

түнге қарай → тү**ҢГ**ө[~] ғарай

енгізу → ^ʏe**ҢГ**ізүү

3. Н + Б/М/П үйлесімі

Орфоэпиялық норма бойынша **Н** дыбысынан кейін **Б, М, П** дыбыстары келсе, **Н → М** болып айтылады.

ЖАЗЫЛУУЫ

Түсі**Н**беу

Қолда**Н**бау

Ая**Н**бай тер төгу

Әйтке**Н**мен

Жа**Н**пидә

АЙТЫЛУУЫ

түсү**М**беу

қолда**М**бау

ая**М**бай тер төгүү

әйтке**М**мен

жа**М**пыйда



4.1 П дыбысының жуысыңқы айтылуы

Сөз ішінде немесе сөз аралығында **П** дыбысы дауыстылармен, ұяң **Д, Ж** дыбыстарымен, үнділермен қатар келгенде, жуысыңқы (**ᵇ**) болып айтылады.



ЖАЗЫЛУЫ

кәсі**П**орын

та**П**жылмау

бір қа**П** ұн

сөйле**П** алу

кө**П** жастар

до**П**-домалақ

тү**П**дерек

АЙТЫЛУЫ

кәсі^ᵇорұн

та^ᵇжылмау

бірға^ᵇ ұн

сөйле^ᵇ алұу

кө^ᵇ жастар

до^ᵇ домалақ

тү^ᵇдерек

4.2 Б дыбысының жуысыңқы айтылуы



Б дауыссызы екі дауысты
дыбыстың аралығында
және кейбір дауысты мен
дауыссыздың аралығында
**жуысыңқы (Б̣) болып ай-
тылады.**



ДЫБЫСТАЛУЫ

дауысты + **Б**

дауыссыз **З** + **Б**

дауыссыз **Й** + **Б**

дауыссыз **Л** + **Б**

дауыссыз **Р** + **Б**

дауыссыз **У** + **Б**

АЙТЫЛУЫ

а^о**Б̣**ысын

боз^о**Б̣**ала

ай^о**Б̣**ат

ел^о**Б̣**асы

ар^о**Б̣**а

тәу^о**Б̣**е

5. Қатаңнан кейінгі Б дыбысының өзгерісі

Сөз ішінде немесе сөз аралығында қатаң дыбыстардан (с, т, қ, к, п, ш) кейін **Б дыбысы қатаң П-ға жуықтап айтылады.**

ЖАЗЫЛУЫ

АЙТЫЛУЫ

тас Бауыр



тасПауыр

ақ берен



ақПерен

тот басу



тотПасу

Жүсінбек



ЖүсүнПек

көшбасшы



көшПашшы

6. Дыбыстар тоғысындағы ықпал

$$З + Ж = ЖЖ$$


Сөз ішінде немесе сөз аралығында қатар келген екі дыбыстың **біріншісі З, екіншісі Ж** болса, кейінгі **Ж** дыбысының ықпалынан **З дыбысы Ж-ға** айналады.

ЖАЗЫЛУЫ

АЙТЫЛУЫ

көЗ жүгіртсек

көЖ Жүгүртсек

сегіз жүз

сегіЖЖүз

сөзжұмбақ

сөЖЖұмбақ

$$З + С = СС$$


Сөз ішінде немесе сөз аралығында қатар келген екі дыбыстың **біріншісі З, екіншісі С** болса, кейінгі **С** дыбысының ықпалынан **З дыбысы С-ға** айналады.

сөзсіз → сөССүз

көЗ салу → көС Салуу

6.3 С + Ж, С + Ш, Ш + С = ШШ

❖ Сөз ішінде немесе сөз аралығында **С** мен **Ж**, **С** мен **Ш**, **Ш** мен **С** дыбысы қатар келгенде, ықпалдың әсерінен **ШШ** түрінде дыбысталады:

- СЖ → ШШ
- СШ → ШШ
- ШС → ШШ

ЖАЗЫЛУЫ

АЙТЫЛУЫ

іС Жүзінде

іШШүзүнде

баСШы

баШШы

аШСа

аШШа

Ескерту

Бұндай өзгеріс – жазуда сақталмайды, тек ауызша сөзде ғана байқалады.



7. П + Ш дыбыстарының үйлесімі

❖ Сөз ішінде немесе сөз аралығында **П** мен **Ш** дыбысы қатар келсе, **Ш** дыбысының әсерінен қатаң **П** дыбысы **жуысынқы (ң)** болып айтылады.

АЙТЫЛУУЫ



қа**П**Шық

та**П**Шы


қы**П**Шақ



қа**Ң**Шық

та**Ң**Шы

қы**Ң**Шақ



8. П + С дыбыстарының үйлесімі

❖ Сөз ішінде немесе сөз аралығында **П** мен **С** дыбысы қатар келгенде, **С** дыбысының әсерінен қатаң **П** дыбысы да **жуысыңқы (п)** болып айтылады.

ЖАЗЫЛУЫ

қауіпсіздік

тапсырма

көп сөз

АЙТЫЛУЫ

қауі^псіздік

та^псырма

кө^псөз



Бұл құбылыстар ауызша сөзде ғана байқалады, ал жазуда **П** қатаң дыбысы сақталады.

9. К/Қ + С дыбыстарының үйлесімі


❖ Сөз ішінде немесе сөз аралығында **К, Қ** дыбыстары **С**-пен қатар келсе, **К, Қ** дыбыстары **Х-қа** жуықтап айтылады.

ЖАЗЫЛУЫ


СЕКСЕҮІЛ
ТӨРЕЛІК СОТ
ТҰРАҚСЫЗ
ТҰЗАҚСЫЗ
ТАҚСЫР

АЙТЫЛУЫ

СЕ^хСЕУҮЛ
ТӨРӨЛҮ^хСОТ
ТҰРА^хСЫЗ
ТҰЗА^хСЫЗ
ТА^хСЫР.



10. К/Қ + Ш дыбыстарының үйлесімі



Сөз ішінде немесе сөз аралығында **К, Қ** дыбыстары **Ш-пен** қатар келсе, **К, Қ** дыбыстары да **Х-қа** жуықтап айтылады.

Жазылуы

Айтылуы

өрмекші



өрмөкшү

өрнөкшөп



өрнөкшөп

көмекші



көмөкшү

садақшы




садақшы

ақша



ақша

11. Қ, К дыбыстарының ұяңдануы (Ғ, Г)



Сөз ішінде немесе сөз аралығында алдыңғы сөз дауыстыға, үндіге не ұяңға аяқталса, келесі сөздің басындағы **Қ, К** → **Ғ, Г** болып ұяңданып айтылады.

Жазылуы

қара қой

балқаймақ

азан-қазан

қой көз

атың кім?

көзқарас



Айтылуы

қар^а ғой

бал^ғаймақ

аза^ңғазан

қой^ғөз

атың^ғ Гім?


көз^ғарас

12. Н → М алмасуы

Сөз аяғында келетін **н** дыбысы қосымшаның басқы **м** дыбысының әсерінен **м** болып айтылады.


жанбады
↓
жа**М**бады

сенбеді
↓
се**М**беді



Бұл жағдай екі сөз аралығында да болады:

- мүмкін бе → мүмкі**м** бе
- он бір → он**м** бір
- мен барам → мембарам
- күн батыс → кү**м** батыс



13. Н мен Ң дыбыстарының айырмашылығы

Н — тілдің артқы шені жұмсақ таңдайға нық тиіп жасалатын имплозивтік мұрын жолды фонема. Н — тіл алды үстіңгі күрек тіске (не қызыл иекке) нық тиіп жасалады.

Ң айтылуы: тілдің арт жағы жұмсақ таңдайға жабысып, тез ажырайды.

Н айтылуы: тіл ұшы төменгі күрек тіске тіреліп, не сәл жоғарырақ тұрады.

Н дыбысы сөз соңында
кездесетін сөздер:

аң

мұң

таң

қоң

шың

көң

сең

Ң дыбысы сөз ортасын-
да кездесетін сөздер:

аңшы

жаңбыр

таңдау

қоңұр

көңұл

жеңіл

саңырау

14. Қатаң Қ, К-нің әсерінен ұяң Б, Ғ, Г дыбыстарының қатаңдауы

Сөз ішінде немесе сөз аралығында қатаң *Қ, К, Ғ, С, Җ, Ш* дыбыстарынан кейін келген ұяң *Б, Ғ, Г, Д, Ж, З* дыбыстары қатаңданып айтылады.

Жазылуы	Айтылуы
жас ғалым	жас Қ алым
ақбалық	ақ П алық
шашақгүл	шаша Қ күл
сирек ғасыр	сирек Қ асыр
топ бала	топ П ала



Бұл құбылыс **ілгерінді ықпалдың** нәтижесінде пайда болады.

Жазуда ұяң дыбыстар сақталады, ал ауызша сөзде **қатаңданып айтылады.**

15. Ш + Т тіркесі

Сөз ішінде немесе сөз аралығында Т мен Ш дауыссыздары қатар келсе, жуысыңқы Ш дыбысы жабысыңқы (щ) болып айтылады.

ЖАЗЫЛУУ

атшабыс

ат-шана

хатшы

қант-шай

АЙТЫЛУУЫ

атйа^оБЫС

ат-Щана

хатШы

қант-Шай



16. Т + Ж тіркесі

❖ Сөз ішінде немесе сөз аралығында Т мен Ж дыбыстары қатар келсе, **Ж дыбысы жабысыңқы (й)** болып айтылады.

ЖАЗЫЛУЫ

ет жақын

етжеңді

бет-жүзі

от-жігер

АЙТЫЛУЫ

йетйақын


йетйеңді

бет-йүзү

от-йігер



ЕСКЕРТУ



Жазуда сақталмайды, тек **ауызша сөзде ғана** байқалады.

17. Т + С тіркесі

❖ Сөз ішінде немесе сөз аралығында Т мен С дыбыстары қатар келгенде, **С дыбысы жабысыңқы (с̣) болып айтылады.**

ЖАЗЫЛУУЫ

айтса

өтсе


жетсе

АЙТЫЛУУЫ

айтс̣а

өтс̣ө

жетс̣е



Бұл құбылыс ауызша сөздегі дыбыстардың үйлесім заңына байланысты қалыптасады. Жазуда өзгеріс болмайды.

18. И әріпінің айтылуы

❖ Сөз басында, өз ішінде, И әріпі **ЫЙ, ІЙ** болып айтылады.

❖ Еріндік дауыстылардың ықпалынан кейін И дыбысы **ҰЙ, ҮЙ** болып айтылады.



19. Қатар келген дауыстылардың ықпалы

❖ *Сөз аралығында екі дауысты қатар келгенде алғашқы сыңарындағы дауысты А дыбысы түсіріліп айтылады.*

ЖАЗЫЛУЫ	АЙТЫЛУЫ
алма ағаш	алм'ағаш
ата-ана	ат'ана

❖ *Сөз ішінде немесе сөз аралығында қатар келген екі дауыстының бірі Е дыбысы болса, Е дыбысы түсіріліп айтылады.*

ЖАЗЫЛУЫ	АЙТЫЛУЫ
екпе ағаш	екп'ағаш

❖ Сөз ішінде немесе сөз аралығында екі дауысты қатар келіп, оның бірі қысаң Ы немесе І дауыстылардан тұрса, **онда қысаң дауыстылар түсіріліп айтылады.**

ЖАЗЫЛУЫ

арғы ата

ертегі-аңыз

үлгі алу

АЙТЫЛУЫ

арғ'ата

ертег'аңыз

үлг'алу

Дауыстылардың ықпалы:

$a + e \rightarrow$ барса екен $\rightarrow$ барс'екен

$a + \theta \rightarrow$ қара өзек $\rightarrow$ қар'өзек

$a + \psi \rightarrow$ арпа ұны $\rightarrow$ арп'ұны

$a + o \rightarrow$ қара ой $\rightarrow$ қар'ой

$ы + a \rightarrow$ Сары арқа $\rightarrow$ Сарарқа

$ы + e \rightarrow$ Сары өзек $\rightarrow$ Сар'өзек



20. Сөз басындағы О, Ө, Е дауыстыларының айтылуы

❖ Сөз басында келген **О** дауыстысы **У** дыбысымен селбесіп, **ʊО** болып айтылады.

❖ Сөз басында келген **Ө** дауыстысы **У** дыбысымен селбесіп, **ʊӨ** болып айтылады.

❖ Сөз басындағы **Е** дауыстысы **Й** дыбысымен селбесіп, **ʏЕ** болып айтылады.

ЖАЗЫЛУЫ	АЙТЫЛУЫ
Отан	ʊотан
Өрнек	ʊөрнөк
ертең	ʏертең



21. Л, Р дыбысынан басталатын сөздердің алдынан дауыстылардың қосылуы

❖ Сөз басында Л, Р дыбыстарынан басталатын сөздердің алдында қазақ тілінде әдетте **Ы, І, Ұ, Ү** сияқты дауыстылар селбесіп айтылады.

ЖАЗЫЛУЫ	АЙТЫЛУЫ
рақмет	ырахмет
лай	ылай
рұқсат	ұрұхсат
рүстем	үРүстөм

22. Ерін үндестігі

❖ Сөздің басында немесе бірінші буынында келген **О, Ө, Ұ, Ү** еріндік дауыстылары өзінен кейінгі езулік дауыстыларды еріндікке айналдырып, үндесіп айтылады.

ЖАЗЫЛУЫ	АЙТЫЛУЫ
күміс	күмүс
құлын	құлүн
көбелек	көбөлөк
отырыс	отұрұс



Ескерту

Ерін үндестігі жазба тілде таңбаланбайды.
Қазақ тілінде ерін үндестігі 2–3 буынға дейін созылып, әсіресе ашық буын жағдайында айқын естіледі.

ЖАЗЫЛУЫ	АЙТЫЛУЫ
құбылыс	құб ^ү лұс
сүйініш	сүй ^ү нүш

23. У дыбысының әсері

❖ Сөз ішінде келген **У** дыбысы көршілес езулік дауыстыларға (**ы, і, е**) ықпал етіп, оларды еріндік дауыстыларға (**ұ, ү, ө**) айналдырып айтылады.

ЖАЗЫЛУЫ	АЙТЫЛУЫ
ауыл	ауұл
туыс	тұуұс
жауынгер	жауұңгер
дауыл	дауұл
жауын	жауұн
қауын	қауұн
ауыр	ауұр
суыр	сұуұр
кеуіл	кеуұл
әуен	әуөн
сәуір	сәуұр

24. Ә – à – А құбылысы

❖ Ауызша сөйлеуде Ә дауыстысы сөздің екінші буынынан ары аспайды.

❖ Екінші буында а дыбысы ә болып жіңішкерсе, одан кейінгі буындарда а мен ә-нің аралығында айтылып, ең соңғы буында қайтадан а дыбысына көшеді.

❖ Бұл құбылыс сөздің табиғи әуезділігін, үндестігін сақтап тұрады.

Ғалымдардың пікірі:

Н. Уәли мен Қ. Күдеринованың пайымдауынша, сөз бірден жуандап кетпей, алдыңғы дауыстының реңкін ала отырып, бірте-бірте өзгеріп отырады.

ЖАЗЫЛУЫ	АЙТЫЛУЫ
жайлау	жәйләу → жәйләудә
кінә	кінәлә
кінәламау	кінәләмау

Мұндағы à таңбасы транскрипцияда А мен Ә дыбыстарының аралығындағы реңкті білдіреді.

Яғни сөз бірден «қатты» жуандап не жіңішкеріп кетпей, біртіндеп өзгеріп айтылады.

25. У дауыссызының айтылуы

❖ Сөз ішінде келген У дауыссызы **ҰУ, ҮҮ** болып айтылады.

❖ Сөз басында У дауыссызы толық айтылып, **ұу, үу** түрінде қолданылады.

❖ Ашық дауыстылардың әсерінен У дыбысы сөз басында **ұу, үу** болып селбесіп айтылады.

ЖАЗЫЛУЫ	АЙТЫЛУЫ
бару	барұу
өру	өрүү
теру	терүү
күлу	күлүү
уық	ұуұқ
уқорғасын	ұуғорғасын
уылдырық	ұуұлдұрұқ
уһілеу	үуһүлөу

ЖАЗЫЛУЫ

АЙТЫЛУЫ

уіл

үүіл

уілдеу

үүүлдөу

уәж

үүәж

уақыт

ұуақыт

уайым

ұуайым

уақиға

ұуақыйға

уәде

үүәде

уәкіл

үүәкіл

26. Ы, І дауыстыларының түсіріліп айтылуы

❖ Егер алғашқы буын жалаң ашық буын болып, екінші буын ашық немесе бітеу буынмен жалғасса, арадағы ы, і дауыстылары айтылуда түсіріліп кетеді.

❖ Жазуда екі дауысты қатар таңбаланады, алайда ауызша тілде біреуі түсіп қалады.

ЖАЗЫЛУЫ	АЙТЫЛУЫ
абырой	аброй
адыраспан	адыраспан
айырықша	айрықша
ақырында	ақырында
асырау	асрау
жапырақ	жапрақ
топырақ	топрақ
емірену	емрөнүү
ерітінді	ертінді

Тіркес сөздер:

ЖАЗЫЛУУЫ	АЙТЫЛУУЫ
<i>жаны ашымау</i>	<i>жан'ашымау</i>
<i>атқара алу</i>	<i>атқар'алұу</i>
<i>пайдалы іс</i>	<i>пайдал'іс</i>
<i>үлгі алу</i>	<i>үлг'алұу</i>
<i>атақты адам</i>	<i>атақт'адам</i>
<i>әртүрлі ұйым</i>	<i>әртүрл'үйүм</i>
<i>осы арада</i>	<i>ос'арада</i>
<i>дүние есігі</i>	<i>дүнүй'есігі</i>
<i>қарсы алу</i>	<i>қарс'алұу</i>



Грамматика



Көптік жалғауы



**Көптік жалғау – жалғанған сөзіне көптік
мағына беретін қосымша:**



– лар

– лер

– дар

– дер

– тар

– тер

Мынандай сөздерге **көптік жалғауы жалғанбайды:**



- **сұйықтық атауы:** айран, шай, тұздық, т.б.;
- **газ тектес зат аттары:** азон, бу, түтін, тұман, т.б.;
- уақ, ұнтақ, ұйысқан майда зат пен бытыранды, таранды, **үгітінді зат атаулары:** үн, шаң, тозаң, бетеге, жусан, жүн түбіт, шаш, кірпік, жиде, алша, т.б.;
- **дерексіз ұғымдарды білдіретін зат атаулары:** айла, ақыл, білім, дау, қасірет, сүйеніш, шындық, т.б.;
- **өздігінен табиғи бөлшектенбейтін кесек зат атаулары:** алтын, қола, құрыш, шойын, т.б.;
- **жаратылыс құбылыстары атаулары:** боран, жаңбыр, қар, жел, құйын, т.б.

Сан тұрған жерде көптік жалғауы қойылмайды:

5 адамдар – 5 адам
10 елшіліктер – 10 елшілік
7 оқушылар – 7 оқушы



Септік жалғауы



ЕСКЕРТУ

Сөз орыс тілінде қай септікте тұрса, қазақ тілінде де сол септікте тұруы керек деген дұрыс емес. Қазақ тілінің септігі орыс тілінікіне (басқа тілдерге де) ұқсамайды, айырмасы көп. Мәселен, предложный падежде тұрған «играть на домбре» дегенді «домбырада ойнау» (жатыс септігі) деуге болмайды. Дұрысы – домбыра ойнау немесе домбыра шерту (табыс септігі жасырын түр) болуы керек. Осыған ұқсас қате қолданыстардың бір парасы мыналар:

Қате X

Дұрыс ✓

Атқа шабу
Атта шабу
(скакать на лошади, езда
на коне)

Атқа міну
Атпен шабу

Тәуекелге бару

Тәуекел ету
Тәуекелге бел байлау

Қате X

Дұрыс ✓

Сүтпен шай (чай с молоком)	Сүтті шай Сүт қатқан шай Сүт қосылған шай
Алла сізден разы болсын!	Алла сізге разы болсын!
Орамалдағы қыз	Орамал таққан қыз
Аспапта ойнау	Аспап шерту
Арқаға (ішке) жату (лежать на спине (животе))	Арқамен (ішімен) жату Шалқасынан жату
Отта дайындалған (приготовление на огне)	Отқа піскен Отқа қақталған
Өзбек боксшысына жеңілді (проиграл узбекскому боксёру)	Өзбек боксшысынан жеңілді
Қардан (қоқыстан) тазарту (очистка от снега (мусора))	Қар тазалау Қар күреу, қоқыс шығару
Өз ойымен бөлісу (поделиться своими мыслями)	Ойын айту Ойын ортаға салу
Сізбен хабарласады (свяжется с Вами)	Сізге хабарласады
Әкеммен болған оқиға (случай с моим отцом)	Әкемнің басынан өткен оқиға Әкем кешкен жағдай

ЛАЙФХАК

Септік жалғауы етістікпен тығыз байланысты. Септікті дұрыс жалғау үшін оны алдымен етістікпен дұрыс тіркестіру керек. Қатеге ұрынбас үшін мынандай қарапайым алгоритмді ұстануға болады:

- 1) Септік жалғаулы сөз тіркесінің етістігін табу (... жеңілді);
- 2) Сол етістікке сұрақ қою (кімнен жеңілді?);
- 3) Қойылған сауалға қарап септік жалғауын жалғау (Англия құрама-сынан жеңілді).

Септіктер

Атау	Кім? Не?	
Ілік	Кімнің? Ненің?	-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің
Барыс	Кімге? Неге? Қайда?	-ға, -ге, -қа, -ке, -на, -не, -а, -е
Табыс	Кімді? Нені?	-ды, -ді, -ты, -ті, -ны, -ні, -н
Жатыс	Кімде? Неде? Қайда?	-да, -де, -та, -те, -нда, -нде
Шығыс	Кімнен? Неден? Қайдан?	-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен
Көмектес	Кіммен? Немен? Қалай?	-мен, -менен, -бен, -бенен, -пен, -пенен



Көмектес септігі мынандай мағыналарды білдіру үшін жалғанады:

- істің, қимылдың немен, қай құралмен істелгенін (балтамен шабу, таяқпен ұру, қаламмен жазу);
- қимылға ортақтық (анасымен хабарласып тұрады, Қасыммен бірге келді);
- қимылдың амалын, қалай істелгенін (бар зейінімен тыңдау, еңбегімен күн көру);
- іс-әрекеттің, қимылдың мақсатын (бір оймен келді);
- қимылдың мекенін, мезгілін (жолмен жүрді, түнімен ұйықтамады);
- қимылдың себебін (сөйлеумен естімей қалды);
- қарсылықты мағынаны білдіру (мен барған-мен, ол келмеді).

Бұрыс	Дұрыс
Туған күніңмен! Сенімен мақтанамыз! Ақшамен көмектесті Жаңалықпен (ақпаратпен) бөлісу (поделиться новостью) Пікіріңізбен бөлісу (поделиться мнением) Тұрғын үймен мәселе Стафилококкпен улану Айыппұлдармен келіспеу Жаңалықтармен танысу Лифтпен қолдану Оттегімен қаныққан Күмәнмен қарайды Іссапармен болды	Туған күнің құтты болсын! Сені мақтан тұтамыз! Ақшалай көмектесті Жаңалықты (ақпаратты) айту Жаңалықты (ақпаратты) жариялау Пікір айту [білдіру, жазу] Тұрғын үй мәселесі Стафилококктан улану Айыппұлға келіспеу Жаңалық оқу Лифтіні қолдану Оттегіге қаныққан Күмәнданып қарау, күмәндану Іссапарға барды



Қажет/керек сөзінің жіктелуі



Алдында етістік тұрса,
жіктелмейді

Менің келуім керек/қажет.
Сенің келуің керек/қажет.
Ол келуі керек/қажет.

Алдында етістік болмаса әрі
алдындағы сөз барыс септі-
гінде тұрса, жіктеледі

Мен саған керекпін/қажетпін.
Сен маған керексің/қажетсің.
Ол оған керек/қажет.

Бұрыс ❌

Бару керекпін
Айту керекпіз
Күлу қажетпіз

Дұрыс ✅

Баруым керек
Айтуымыз керек
Күлуіміз қажет



Қазақ тілінде етістің 4 түрі бар:

1. Ортақ етіс (-с, -ыс, -іс)

Амалды екі не одан да көп субъекті бірге орындағанын көрсетеді.

Негізінен сабақты етістіктерге (табыс септігін қажет ететін) жалғанады. Себебі ортақ етіс үшін ортақ іс-әрекет қажет.

Жазды – жазысты

Көрді – көрісті

Соқты – соғысты

Сүйді – сүйісті

Айтты – айтысты

Кейде салт етістіктерге де жалғана алады. Бірақ ол етістік логикалық тұрғыдан бірнеше адам жасай алатын, бір-бірімен әрекеттесіп істей алатын іс-қимыл болуы шарт.

Күлді – күлісті

Жылады – жыласты

Қысылды – қысылысты

Жалғанбайды:

Ортақ етістің басты шарты – қимылдың екі не одан көп адамға ортақ болуы, олардың бір-біріне бағытталуы немесе бірге жасалуы. Демек, бұл мағынаға кірмейтін етістіктерге жалғана алмайды.

- Тек бір субъектіге ғана тән әрекетті білдіретін, өзара қимылға келмейтін етістіктерге: құлау, өлу, ұйықтау, еру, қартаю, жүзу, т.б.

- Табиғи құбылыс, өздігінен болатын іс-әрекеттерге: жауу, еру, бату, ағу, құрау, себелеу, т.б.

- Дыбыс пен сезім күйін, психикалық әрекетті білдіретін кей етістіктерге жалғанбайды: сыңғырау, жарқырау, сену, қорқу, шошу, ұнату, т.б.

2. Өзгелік етіс (-т, -тыр, -дыр, -дір, -қыз, -кіз, -ғыз, -гіз)

Амалдың басқа бір бөгде субъекті арқылы орындағанын білдіреді.

Негізінен салт етістіктерге жалғанады. Сөйтіп салт етістікті сабақтыға айналдырады.

Күлу (салт) – күлдіру (сабақты)

Жүру (салт) – жүргізу (сабақты)

Ойнау (салт) – ойнату (сабақты)

Отыр (салт) – отырғызу (сабақты)

«Біреуге істету» мағынасын білдіретін сабақты етістіктерге жалғанады:

Жазу – жаздыру

Оқу – оқыту

Кесу – кестіру

Салу – салдыру

Тігу – тіккізу

Өзгелік етіс бірінің үстіне бірі жалғануы мүмкін. Бірақ салт етістікті сабақтыға айналдыру үшін ғана. Сабақтыға айналған соң, өзгелік етісті тағы бір рет жалғауға болады, үш-төрт рет жалғауға болмайды.

Дұрыс ✓

Күлу – күл-дір-т
Сөну – сөн-дір-т
Жүру – жүр-гіз-дір
Отыр – отыр-ғыз-дыр
Қуану – қуан-т-тыр

Бұрыс ✗

Күл-дір-т-кіз
Сөн-дір-т-кіз
Жүр-гіз-дір-т
Отыр-ғыз-дыр-т
Қуан-т-тыр-т-қыз

Ал сабақты етістіктерге өзгелік етістің жұрнағы бір-ақ рет жалғанады:

Дұрыс ✓

Сұра – сұра-т
Сотта – соттат
Тура – турат
Талда – талдат
Жарияла – жариялат

Бұрыс ✗

Сұра-т-қыз
Сотта-т-қыз
Тура-т-тыр
Талда-т-тыр
Жарияла-т-тыр

Алдымен өзгелік етіс жалғанған етістікке өздік етіс жалғанбайды. Өйткені өздік етісте адам іс-әрекетті өз ықтиярымен жасайды, ал өзгелік етісте басқа біреу жасайды.

Дұрыс ✓

Бөле-н, бөле-т
Бөлекте-н, бөлекте-т

Бұрыс ✗

Бөле-н-т
Бөлекте-н-дір

3. Ырықсыз етіс (-л, -ыл, -іл, (-н, -ін, -ын)

Амалдың жасырын субъекті арқылы орындалғанын білдіреді.

Негізінен сабақты етістіктерге жалғанады.

Айту – айтылу

Кесу – кесілу

Көтеру – көтерілу

Салу – салыну

Жалғанбайды:

Салт етістіктерге жалғанбайды: жүру, ұшу, күлу, ойнау, өлу, т.б.

Жүрілген көлік – қате

Жүрген көлік – дұрыс

Мінілген (ат) көлік не айдалған көлік – бұл нұсқалар да дұрыс

Ырықсыз етіс жалғанған етістікке өздік етісті жалғауға болмайды. Өйткені ырықсыз етіс іс-әрекетті жасаған адамды көрсетпейді, ал өздік етісте ол анық көрініп тұрады. Екеуі бір-біріне қарама-қайшы.

Дұрыс ✓

жасалды
байқалды
әкелді
тұсалды
есептелді

Бұрыс ✗

Жаса-л-ын-ды
Байқа-л-ын-ды
Әке-л-ін-ді
Тұса-л-ын-ды
Есепте-л-ін-ді

Сөз тіркесінің не күрделі етістіктің тек бір сыңарына ғана ырықсыз етіс жалғанады:

Дұрыс ✓	Бұрыс ✗
Айтып өтілді, айтылып өтті Аталып өтті Істеп берілді	Айтылып өтіледі Аталынып өтілді Істелініп берілді

Субъект анық тұрған жерде ырықсыз етіс жалғанбайды.

Біз ашылдық – қате

Дүкен (дәріхана, асхана) ашылды – дұрыс

4. Өздік етіс (-н, -ын, -ін)

Амалды жасаушы субъектінің өзі орындағанын білдіреді.

Негізінен сабақты етістіктерге жалғанады.

Жуу – жуыну

Сүрту – сүртіну

Тазалау – тазалану

Кию – киіну

Жалғанбайды:

Салт етістіктерге жалғанбайды, өйткені мұнда тура объекті жоқ. Ал өздік етіске тура объекті қажет: **жүру, ұшу, күлу, ойнау, бару, жату, т.б.**

Кейде өздік етіс жалғанған етістікке өзгелік етіс те жалғануы мүмкін: **жу-ын-дыр-ды, ки-ін-дір-ді, күй-ін-дір-ді, сүй-ін-дір-ді, т.б.**





Құрделі етістіктер (етістік сөз тіркестері)



ЕРЕЖЕ.

Құрделі етістіктер дегеніміз – ең кемі екі сыңардан жасалып, бір лексикалық мағынаны білдіретін бірліктер: *келіп кетті, айтып жатты, келе салды, т.б.* Көмекші етістіктер арқылы жасалады.

Етістік сөз тіркестері – құрамындағы етістіктердің жеке-жеке лексикалық мағыналары бар: *қарқылдап күлді, көтеріп тұрып соқты, сойып әкелді, түсіндіріп айтты, т.б.* дербес мағыналы етістіктер арқылы жасалады.

Бұлар іс-қимылды, әрекетті нақты, дәл сипаттау үшін қажет. Мәселен, ұрлау мағынасын беретін «алып кету» (әкету) дегенді одан әрі нақтылап, дәл қалай ұрланғанын бейнелеу үшін былай деуге болады: *айдап әкетті, бөліп әкетті, ертіп әкетті, жұлып әкетті, көтеріп әкетті, қағып әкетті, қуып әкетті, өңгеріп әкетті, салып әкетті, сүйреп әкетті, талап әкетті, тартып әкетті, ұрлап әкетті, ұстап әкетті, үйіріп әкетті, т.б.*

Қате қолданыстар X

Қазақ тілінде «жаса», «жүргіз» деген көмекші етістік жоқ, бұлар – толық мағыналы етістіктер. Оны көмекшілік қызметте қолдануға болмайды. Мынадай тіркестер қате:

Жөндеу жасады (жүргізді) – жөндеді

Зерттеу жүргізді (жасады) – зерттеді

Тексеріс жүргізді (жасады) – тексерді

Қабылдау жүргізді (жасады) – қабылдады

Түсіндірме жұмыстары жүргізілді (жасалды) – түсіндірді

Бірақ есім сөздермен тіркестірген дұрыс: *келіссөз жүргізді, салтанатты рәсімді жүргізді, мониторинг жүргізді, ота жасады, т.б.*

Сол сияқты мына тіркестердің де сөзі артық:

Қолдау көрсетті, қолдау білдірді – қолдады

Кездесу өткізді – кездесті

Шешім қабылдады – шешті, шешімге келді

Қазақ тілінде «бол» көмекші етістігі болғанымен, ол көбіне есім сөздермен тіркесіп келіп құранды етістік жасайды: сау бол, дұрыс болу, жақсы болу, ие болу, қор болу, құмар болу, риза болу, мәжбүр болу, т.б.

Бірақ етістікпен тіркестіріп, жасанды тіркес құрауға болмайды:

Баратын болады – барады

Айтатын болады – айтады

Көретін болады – көреді

Сұрайтын боламыз – сұраймыз

Айтқан болатын – айтқан еді, айтқан

Көрген болатын – көрген еді, көрген

Қазақ тілінде -ып баста формасындағы аналитикалық формант жоқ, **-а (-е, -й)** баста түріндегі формант бар. Көсемшенің **-п (-ып, -іп)** формасы істің аяқталуын не шапшаңдығын, ал баста сөзі іс-қимылдың басталуын білдіреді. Бұл екеуінің тіркесіп келмейді, мағынасы қарама-қайшы.

Қайнатып бастады – қайната бастады

Айтып бастады – айта бастады

Кетіп бастады – кете бастады

Үйретіп бастады – үйрете бастады/үйретуді бастады

Етістіктерді тіркестіргенде оның мағынасының да бір-бірімен сәйкес келуін ескеру керек.

Дұрыс ✓

Сөйледі, сөйлей жөнелді
Айтып тастады, айтып
салды

Бұрыс ✗

Сөйлеп берді
Сөйлеп салды



Орфография

1-ЕРЕЖЕ:

❖ Қазақ тілінде екі буынды сөзге тәуелдік жалғауы жалғанғанда кейбір сөздерде **ортаңғы дауысты дыбыс түсіп қалады**. Бұл – **тілдің дыбыстық ықшамдау заңына** сай қалыптасқан табиғи құбылыс.

✗	✓
Әріні	Әрпі
Халығы	Халқы
Мұрыны	Мұрны
Еріні	Ерпі
Мойыны	Мойны
Құлығы	Құлқы
Көрігі	Көркі
Ерігі	Еркі



Түсініктеме

Сөзге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, дауысты дыбыстар арасында ықшамдалу (редукция) жүреді. Бұл – дыбыстық заңдылықтарға (үндестік, ассимиляция, ыңғайлылық, ырғақтылық) байланысты. Мұндай өзгерістер тілдің тарихи дамуында қалыптасқан және нормаланған.

2-ЕРЕЖЕ:

❖ **Орфограмма** – жазуда емле ережесіне сай бір ғана дұрыс нұсқасы бар, бірақ айтылуы немесе дыбысталуы әртүрлі болатын сөз немесе дыбыс.

Сөз	Балама нұсқалар	Дұрыс нұсқасы	Орфограмма түрі	Ереже мен түсіндірме
Иә	ия, йа, йә	Иә	Дауысты дыбыстың жазылымы	Қазақ тілінде сөз басында йа емес, иә болып жазылды. Бұл – төл дыбыстық заңдылық. Сөз басында й дыбысы келмейді.
Рақмет	рахмет, рақымет, рахымет	Рақмет	Х мен Қ дыбысы аралығындағы	Қазақ тілінде «х» дыбысы аз қолданылады, сондықтан х → қ ауысады. Бұл – қатаңдану процесі. Үндестік заңына икемделеді.
Дастарқан	дастархан	Дастарқан	Х мен Қ дыбысының ауысуы	Парсы тілінен енген сөз. «Хан» сөзі қазақ орфоэпиясында қан формасында айтылады. Сондықтан «дастархан» емес, «дастарқан» дұрыс.
Рақат	дастархан	Рақат	Х дыбысының Қ-ға айналуы	Кірме сөздің фонетикалық бейімделуі: «х» – қатаң емес дыбыс, сондықтан қазақ тілінде қатаң қ-ға айналады. Үндестік заңына сай.

❖ **ЕРЕЖЕ**

1.Кірме сөздер қазақ тіліне бейімделіп жазылады.

– Қазақ тілінде «х» дыбысы «қ» дыбысына ауысады.

– Бұл – **қатаңдану** немесе **дыбыстық үндестік** заңына сай орын алады.

2.Орфограмма болғандықтан, бұл сөздердің дұрыс жазылуын жаттап алу керек.

– Себебі кей жағдайда айтылуы мен жазылуы сәйкес келмейді (мысалы: айтылуы – «рахмет», жазылуы – «рақмет»).

Сөздердің дұрыс жазылуын нақты білу үшін емле сөздік-ке назар аудару керек емле тарихына сілтеме берсе

3-ЕРЕЖЕ:

❖ **Ұ әрпін дұрыс қолданбағаннан мағынаның өзгеріп кетуі мүмкін:**

– ШЫН/ШЫҢ екі түрлі мағына.

Ен/ең, он/оң, өн/өң, аян/аяң, жөн/жөң (түйе тұқымдасының бір түрі), күн/күң, мен/мең, қуан/қуаң, қайын/қайың.

№	Нұсқа (Н)	Нұсқа (Ң)	Айырмашылығы / Мағынасы
1	Шын	Шың	шын – ақиқат; шың – тау төбесі
2	Ен	Ең	ен – көлденең өлшем; ең – аса, ең жоғарғы
3	Он	Оң	он – сан; оң – бағыт, дұрыс жағы
4	Өн	Өң	өн – тіршілік иірімі (өңдеу, өндіру); өң – түр, бет бейне
5	Аян	Аяң	аян – түс, белгі, аян беру; аяң – жай жүру
6	Жөн	Жөң	жөн – дұрыс, бағыт; жөң – жөңкілу және түйе тұқымдасының бір түрі
7	Күн	Күң	күн – аспан денесі; күң – қызметші әйел
8	Мен	Мең	мен – есімдік; мең – беттегі дақ немесе меңгеру
9	Қуан	Қуаң	қуан – қуаныш; қуаң – құрғақ жер
10	Қайын	Қайың	қайын – туыстық атау; қайың – ағаш түрімеңгеру

❖ ЕРЕЖЕ

Қазақ тілінде «н» мен «ң» дыбыстары фонемалық (мағына ажыратушы) қызмет атқарады. Яғни бір ғана дыбыстың өзгеруі сөздің мағынасын түбегейлі өзгертіп жібереді.

